

«8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға ұсынылған Утепова Гаиза Маратовнаның «Қазақстан Республикасында мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл тетігін трансформациялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	«Қазақстан Республикасында мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл тетігін трансформациялау» диссертациялық жұмысы маңызды тақырыпқа жазылған. Бұл диссертациялық зерттеу нақты ғылыми жоба мен бағдарлама шеңберінде орындалмаған. Диссертация бірқатар мемлекеттік бағдарламалардың міндеттерін іске асыру мақсатында орындалды: - «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты; - «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығы; - «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам»; - «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектері құрайды. Зерттеуде мемлекеттің адамаға бағдарлануы, ашықтығы және мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылы арқылы азаматтық қоғамды мемлекеттік басқару процесіне тарту туралы көзқарастар мен түсініктердің қазіргі заманғы жүйесіне негізделген. Ғылыми жұмыста қолданылған әдістердің кешені зертеушіге нақты практикалық ұсынымдар әзірлеуге және олардың Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдармен мемлекеттің ынтымақтастығын одан әрі жетілдіру үшін орындылығын негіздеуге мүмкіндік берген.

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссертацияның теориялық құрылымы, зерттеу мақсаты, нысаны мен пәні тақырыбына сәйкес және логикалық байланысып құрылған. Теориялық пен эмпирикалық зерттеу кіріспеден, сегіз параграфты біріктіретін үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертациялық жұмыста тақырыптың өзектілігі тереңінен қарастырылып, толық негізделген. Дамыту және мемлекеттің ҮЕҰ-мен өзара қарым-қатынасын нығайту үшін маңызы бар теориялар, тұжырымдамалар қаралған. Диссертацияны талдау докторанттың зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін, жұмыстың ғылыми жаңалығын, қорғауға ұсынылған негізгі ережелерді нақты тұжырымдағанын көрсетеді.</p> <p>Диссертацияның теориялық құрылымы, зерттеу мақсаты, нысаны мен пәні тақырыбына сәйкес және логикалық байланысып құрылған. Диссертация көлемі 157 бет жұмыс кіріспеден, сегіз параграфты біріктіретін үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады, 38 сурет пен 14 кестеден, сондай-ақ зерттеу тақырыбы бойынша жұмыс материалдары жинақталған қосымшалардан тұрады.</p> <p>Диссертация авторы Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен ҮЕҰ арасындағы өзара іс-қимыл деңгейін қазақстандық мемлекеттік басқарудың ғылыми негізде зерттелмеген және бағаланбаған тетіктеріне жасалған алғашқы кадам деп санауға болатынын атап өткен.</p> <p>Алынған деректердің дұрыстығы мен негізділігі диссертациялық жұмыста тиісті статистикалық талдауы бар кестелердің болуымен расталады.</p>

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, ғылыми даму дәрежесі, мақсаты, міндеттері, пәні, объектісі, ғылыми жаңалығы, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы көрсетілген. Бірінші бөлімде мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылының теориялық аспектілері қарастырылады; Екінші бөлімде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылының қазіргі тегігі талданады; Үшінші бөлімде мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл тегігін трансформациялау бойынша нақты ұсыныстар әзірленеді және негізделеді; Қорытындыда диссертациялық зерттеу нәтижелеріне негізделген негізгі қорытындылар мен ұсыныстар, сондай-ақ қосымшаларда зерттеу барысы мен нәтижелерін көрсететін көрнекі және иллюстрациялық материал берілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың авторы мемлекет пен ҰЕҰ-ның Қазақстан Республикасындағы өзара іс-қимыл деңгейін қазақстандық ғылыми тұрғыдан зерттелмеген мемлекеттік басқару тетіктеріне алғашқы қадам ретінде қарастыруға болады. Зерттеу материалдары дәйекті түрде баяндалған, диссертацияның бөлімдері өзара байланысты, қорытындылар негізделген және жүргізілген социологиялық зерттеудің нәтижелеріне негізделген және диссертациялық жұмыстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) толығымен негізделген, мемлекет пен ҰЕҰ арасындағы қатынастарды мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға бағытталған тәсілдер сыни тұрғыдан талданған. Нәтижесінде авторлық ұсыныстардың заманауи талаптарға сай екендігі дәлелденді, практикалық маңыздылығы анықталды</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеудің ғылыми жаңалығы теориялық ережелерді зерделеу және жинақтау, нақты материалдың кең спектрін және шетелдік тәжірибені талдау негізінде автор Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл тегігін жетілдіру бойынша жинақтаушы зерттеу ұсынғандығында. Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер (зерттеудің әрбір параграфы бойынша қысқаша мәні):</p>

1. Зерттеудің эмпирикалық деректерінің нәтижелері бойынша мемлекеттік гранттар нысанында ҮЕҰ-ға қаржылық қолдау көрсетуде цифрлық технологияларды қолданудың орындылығы туралы болжам негізделді және әзірленді. Мұндай тәсіл мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ қызметінің ашықтығын арттыруды, бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуді қамтамасыз етеді. – **жартылай жаңа.**
 2. Мемлекеттік органдарға өткізілетін ҮЕҰ есептік қызметінің нысандарын талдау ҮЕҰ есептілігінің жекелеген нысандарын қайталау, сондай-ақ ҮЕҰ қызметі туралы бірінғай ақпараттық базаның болмауы сияқты проблемаларды анықтады. Ақпараттық жүйелерді интеграциялау ұсынысы – **толығымен жаңа.**
 3. Әлеуметтік сауалнама нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша ҮЕҰ тарапынан мемлекеттік органдарға деген сенім төмен болды. Осыған байланысты біз ҮЕҰ-ға арналған жол көрсеткіш әзірледік, онда Қазақстанда ҮЕҰ-ға мемлекеттің қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсетуі жөніндегі барлық қажетті ақпарат көрсетілген – **толығымен жаңа.**
 4. Қазіргі заманғы тұжырымдамалар негізінде ұйымның миссиясы мен қызмет аясын қамтитын ҮЕҰ стратегиясын әзірлеу қажеттілігі, сондай-ақ елді дамыту бойынша мемлекет жүргізетін саясаттың сабақтастығы қажеттілігі айқындалды. Осыған байланысты мемлекет пен ҮЕҰ өзара іс-қимыл алгоритмі және ҮЕҰ стратегиясын әзірлеу моделі ұсынылған – **толығымен жаңа.**
 5. Мемлекет пен ҮЕҰ-ның өзара іс-қимылын бағалау мақсатында Мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылын операциялық бағалау әдістемесіне мемлекеттік орган мен ҮЕҰ іске асырған мемлекеттік қолдау түрлерінің жалпы саны бойынша критерийлерді, сондай-ақ бағаланатын жылы мемлекеттік шешімдерді қабылдау кезінде мемлекеттік органдардағы Қоғамдық кеңестердің үлесін енгізу ұсынылып отыр – **жартылай жаңа.**
- Зерттеу материалдары ретімен берілген, диссертацияның бөлімдері өзара байланысты, тұжырымдар социологиялық зерттеулердің нәтижелеріне негізделген және диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияңызда ұсынылған қорытындылардың ғылыми жаңалығы көрініп тұр, себебі теориялық ережелерді зерделеу және нақты материалдарды талдау негізінде жаңа және жартылай жаңа шешімдер ұсынды.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Цифрлық технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік гранттармен қолдау көрсету тәсілі және оның сыбайлас жемқорлықты азайтуға ықпал етуі жартылай жаңа. 2. ҮЕҰ есеп беру жүйелерін интеграциялау туралы ұсынысыңыз толығымен жаңа, себебі мұндай база бұрын болмаған. 3. ҮЕҰ-ға сенім мәселесі бойынша жол көрсеткіш әзірлеу де жаңа идея болып табылады. 4. ҮЕҰ стратегиясын әзірлеу моделі мен мемлекетпен өзара іс-қимыл алгоритмі қазіргі заманғы талаптарға сай жаңалық. 5. Мемлекеттік орган мен ҮЕҰ өзара іс-қимылын бағалауға жаңа критерийлер енгізу жартылай жаңа болып табылады. <p>Барлық ұсыныстар жақсы негізделген және ғылыми жаңалық ретінде танылады, себебі олар мемлекет пен ҮЕҰ ынтымақтастығын жақсарту жолында жаңа көзқарастар мен құралдар ұсынады.</p> <p>Технологиялар, технологиялар, экономика және басқару саласындағы шешімдер ішінара жаңа (75%) болып табылады, өйткені олар алдыңғы әдістерден белгілі әдістерді жетілдірудің және оларды жаңа жағдайларға бейімдеудің нәтижесі болып табылады. Зерттеу саланың ағымдағы проблемаларын шешудің инновациялық әдістерін ұсынады. Бұл шешімдер жаңа компоненттер мен инновациялық әдістерді қамтыса да, олардың белгілі бір бөлігі алдыңғы тәжірибеге негізделген, сондықтан салыстырмалы түрде жаңа болып саналады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар зерттеу нәтижелерінің сапасы мен сенімділігін қуәландыратын ауқымды ғылыми дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу талқыланып, ғылыми журналдарда жарияланды. Бұдан басқа, уәкілетті органның енгізу актісі бар екенін атап өту қажет.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағида дәлелденді ме? 1) дәлелденді;</p>	<p>Қорғауға шығарылған барлық тұжырымдар дәлелденген. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде қорғауға ұсынылатын бес негізгі тұжырымдар бар, олар төмендегідей жауаптарға ие:</p>

		<p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<ul style="list-style-type: none"> - әр тұжырымы дәлелденген; - тұжырымдары тривиалды емес; - тұжырымдары жаңа; - тұжырымдардың қолдану деңгейі кең; <p>тұжырымдарды 6 мақалада дәлелденген. Скопус (Scopus) мәліметтер базасына кіретін 2 ғылыми мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған экономикалық басылымдарда 4 ғылыми мақала жарияланған.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі</p> <hr/> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және талдау әдістемелеріне негізделген. Зерттеу барысында қолданылған әдістер мен құралдар заманауи талаптарға сай және ғылыми дәлдік пен сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.</p>	<p>Диссертациялық зерттеуді орындау кезінде қолданылатын әдістеме нақты және толық баяндалып, зерттеудің әдіснамалық негіздері нақты сипатталған, оған қоса зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдалған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолданған, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және талдау әдістемелеріне негізделген. Зерттеу барысында қолданылған әдістер мен құралдар заманауи талаптарға сай және ғылыми дәлдік пен сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.</p>

	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде жасалған теориялық қорытындылар мен тұжырымдар жан-жақты талдаулармен делелденді және расталды. Зерттеу барысында барлық ұсыныстар мен тұжырымдар тәжірибе жүзінде тексеріліп, олардың теориялық негіздері нақтыланған.</p> <p>Маңызды мәлімдемелер мемлекеттік басқару (экономика), әлеуметтану және қаржы саласындағы қазіргі ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады.</p> <p>240 әдебиет көзін пайдаланылған, бұл - жеткілікті.</p>
<p>9</p> <p>Практикалық құндылық принциптері</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Жұмыстың теориялық маңыздылығы диссертацияда кемшіліктерді түзету мен дамыту және мемлекет пен ҰЕҰ арасындағы байланыстарды нығайту үшін қажетті теориялар мен тұжырымдамалар қаралуында. Зерттеу материалдары ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу үшін ғылыми мақалалар, тезистер мен баяндамалар, сондай-ақ диссертациялық зерттеу проблематикасы бойынша монографиялар жазу кезінде пайдаланылуға болады. Бұдан өзге мемлекеттік қызметшілер мен ҰЕҰ өкілдерін де кәсіби оқыту барысында өзара қарым-қатынасты дамытудың әдістемелік материалы ретінде қарастыруға келеді.</p> <p>Осы зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін, нақты ұсыныстар мен ұсыныстарды мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ-ның өзара іс-қимылы процесінде практикада қолдану мүмкіндігінен тұрады. Мұндай қолдану Қазақстанның дамуына ықпал ете отырып, мемлекеттік және үкіметтік емес секторлардағы өзара іс-қимыл деңгейін айтарлықтай жақсартады.</p> <p>Практикалық ұсыныстар жартылай жаңа болып табылады, себебі олар алдыңғы әдістер мен тәжірибелерді жетілдіру және мемлекет пен ҰЕҰ қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы әзірленген. Зерттеу барысында ұсынылған шешімдер аталған саласындағы нақты мәселелерді шешуге және өзара қатынасты дамыту қолдауға бағытталғанымен, олардың негізінде бұрыннан белгілі тәсілдер жатыр. Алайда, ұсыныстарда тың бастамалар беріліп, жаңа элементтермен толыққан, жанашылдықтар енгізілген, бұл</p>

			оларды бұрыннан бар әдістердің дамуы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазудың сапасы жоғары. Диссертацияда ғылыми терминологияның дұрыс қолданылуы, логикалық құрылымның сақталуы және идеялардың нақты берілуі қамтамасыз етілген. Зерттеу барысында материалдар нақты әрі ғылыми талаптарға сәйкес жазылған.

Утепова Газиза Маратовнаның «Қазақстан Республикасында мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл тетігін трансформациялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары академиялық деңгейде орындалған, зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары өзекті, ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді және практикалық маңыздылығы жоғары деп бағаланады, автордың «8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТ:

PhD, Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының бас талдаушысы



(Handwritten signature)

Тургалеева Акмарал Тургайбековна

8.10.24